# Бояулар туралы ертегі

“Тұлпар” тобының тәрбиешісі:
Смагулова А.С

Ерте,ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде ҚЫЗЫЛ, САРЫ,КӨК бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Бір күндері олар қызықты оқиларға тап болады.



# Әр түс бізге нені еске түсіреді?



Бір күні қызыл сары бояуға қонаққа келеді.Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Бояулар бір-бірімен соқтығысып жүрген кезде тағы бір түсті бояу пайда болады. Шам жанған кезде, қандай түс пайда болған екен?



# Жаңбыр жауған кезде болған оқиға

**Көк** бояу мен кіші қарындасы **Сары** бояу жаңбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде **Жасыл** бояу пайда болады.



Ары қарай мынандай  жағдай болды
Көк бояу өзінің жаңа досына қуанады, осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады.



Солай осы өмірге жаңадан Қызысары, Жасыл,Күлгін түстер пайда болған екен.

Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды.Осыдан

Кемпірқосақ-Радуга пайда болады.

Осы шеңберде әр түстің өз орны болады. Түстер тату-тәтті өмір сүруде.Осымен ертегіміз аяқталды.

Қызыл

Қызылсары

Сары

Жасыл

Көкшіл

Көк

Күлгін

**Түстер тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Осымен ертегі аяқталды.**